



БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ  
24.09.2016  
Алматы, Қазақстан

## **XII «ЕУРАЗИЯ-2016» ХКФ аясында «Бала Еуразия» мини-фестивалі өтеді**

24 қыркүйек күні сағат 11:00-де XII Халықаралық «Еуразия» кинофестивалінің аясында 24-30 қыркүйек аралығында Kinopark11 IMAX Esentai кинотеатрында «Бала Еуразиясы» арнайы бағдарламасының салтанатты ашылуы өтеді.

Бағдарламаның толық нұсқасымен кинофестивалдің сайтында [www.eurasiaiff.com](http://www.eurasiaiff.com) танысуға болады.

Мини-фестиваль бағдарламасына АҚШ, Германия, Швеция, Дания, Ресей және Моңғолия елдерінің ең үздік балалар фильмі енді.

Фильмдерге арнайы балалардан құралған қазылар алқасы баға береді. Оның құрамында қазақстандық жас ақындар, әншілер, әртістер болады. Ең үздік картинаға Абдулла Карсакбаев атындағы сыйлық ұсынылады, оны А.Қарсакбаевтың немересі, 8-сынып оқушысы Мұса табыстайды. Сонымен қатар «Үздік сценарий» және «Көрермендер көзайымы» сынды номинациялар бар.

Шараның ашылуында белгілі отандастарымыз балаларымен, сонымен қатар спорт, өнер және оқу-білім саласында үздік атанған балалар қызыл кілемнен жүріп өтеді.

Салтанатты рәсімнің жүргізушілері – белгілі цирк әртісі Мұрат Мұтырғанов пен әнші Арманай. Соңында «Менің досым Раффи» фильмі көрсетіледі.

Уақыты: сағат 11:00  
Күні: 24.09.2016 ж.  
Орны: аллея Esentai Square, Esentai Mall жанында

«Бала Еуразиясының» салтанатты жабылуы  
Уақыты: сағат 11:00, 30.09.2016 ж.  
Орны: Esentai Mall, атриум, 2 қабат

Аккредитация және БАҚ мәселелері бойынша «Еуразия» ХКФ баспасөз бөліміне хабарласыңыздар. (Анна Шелепова). Тел. +7 (707) 237 2928, <https://www.facebook.com/anyashelepova>; e-mail: [press@eurasiaiff.com](mailto:press@eurasiaiff.com).

«Бала Еуразия» ұйымдастыру бөлімі  
(Меруерт Абдрахманова, Айдана Абдрахманова). Тел. +7 (701) 717 4945  
+ 7 (702) 600 5170; e-mail: [meruert\\_t94@mail.ru](mailto:meruert_t94@mail.ru), [asuanima@mail.ru](mailto:asuanima@mail.ru)